

**«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ  
4«А» сыныбының жылдық  
тәрбие жұмысының есебі**

«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ 2024-2025 оку жылында 4«А» сыныбында 80күшү оқиды, 5 ұл бала, 3 қыз бала. Сыныпта тәртібі нашар, сабакқа үлгерімі төмен оқушылар жоқ. Оқушылардың ата-аналары мектеппен, сынып жетекшімен қарым-қатынастары өте жақсы. Оқушылар мектепшілік іс-шараларға үнемі қатысып, ата-аналар балаларына әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Сыныбымызды 1 оку озаты, 3 оку екпіндісі, 4 окушы қанагаттанарлық бағамен оқиды. Сыныптың білім сапасы – 50%. Жыл басынан, яғни қыркүйектен бастап 4 «А» сыныбының сабактарына қатысып, сынып оқушыларының тәртібін, сабакқа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындастырықтарын бақылады. Бақылау кезінде оқушылардың оку барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырды. Эр алтанды үшінші күндері күнделікті тексеріп, ескертулер беріп отырды. Әсіресе күнделікті уақытында толтырып, пәндерден алған бағаларын сол бойда қойдыруларына үлкен мән беріп отырды. Қыркүйек айынан бастап әр алтанды сәрсенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім.

Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс-шараларға сынып оқушылары белсene араласты. 4 сынып бойынша жыл басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Осы жоспар негізінде сынныпта тәрбие сағаттары өткізіліп келеді. Биылғы оку жылында 34 тәрбие сағаты.

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру үйымдарының оку-тәрбие процесі жағдайында жүйелі үйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сыннып сағаттары мен сынныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

**Проблемалық тақырыбы:**

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

**Мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Міндеттері:**

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

Отанға, өз халқына, онын тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

Табигатқа және коршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу

**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

Әлеуметтік манзызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

Басқалармен қарым-қатынаста адаптацияның әділ болуға және әдептілік нормаларын үстануға тәрбиелеу;

Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;  
Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен сарапалау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

**Нәтиже:**

**Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:**

Биылғы оқу жылы ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жақсы жұмыс жасалды.

Қыркүйек айында баланың әлеуметтік тұрмыс жағдайымен танысу барысында:

- Сыныпокүшісінің әлеуметтік – тұрмысынтексеруактісі;
- Окушының жеке әлеуметтік паспорты;
- Окушылардың мектепшілік көрежесі;
- Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері жөннендережелер, т.б.күжаттарменатаналартаныстырылды.

Әртоқсан сайыната-аналар жиналысы болды. Оқу жылшының

аяғында болатын демалыс уақыттың даат-

аналар өмір қауіпсіздігін ережелері ментаныстырылды.

Сынып оқушылары ұжым ішінде ұйымшыл, тәртіппері өте жақсы, әрбір окушының ұйымдастыру қабілеті бар, жоғары дәрежеде. Мектепшілік, сынып аралық іс-шаралар мен ертенгіліктерде ұжым толық белсене араласып, әр окушы өз қабілетіне қарай берілген жұмыстарды ұйымдастыра біледі. Сыныптан тыс уақыттағы қоғамдық жұмыстарға араласа біледі. Еңбек ету, үлкенге ілтипат, жолдастық көмек, кішіге қамқорлық көрсету дағдылары әр баланың бойында жақсы қалыптасады. Бұндай қамқорлық сияқты жақсы қасиеттер әр уақытта барлық окушы тараапынан көрініп отырады, жолдастық көмек көрсетуге дағыланған. Сыныптың дәстүрлі мерекелері: құнтізбелік мерекелер, әрбір окушының туған күндері болып саналады. Бұл күндері барлық ұжым мүшелері ұйымшылдықпен мерекелік ертенгілік түрінде өткізеді.

Сынып жетекшісі: Унгарова С.М.